



## КАЗНУ ПРОДВИГАЕТСЯ В QS

По итогам предметного рейтинга «QS World University Ranking by Subject 2020» КазНУ им. аль-Фараби улучшил свои показатели и усилил позиции.

В QS «WUR by Subject» были проранжированы более 1200 университетов мира в пяти предметных областях. По сравнению с прошлым годом КазНУ значительно улучшил свои показатели в предметной области «Искусство и гуманитарные науки», поднявшись с 339 на 277 место, а также «Социальные науки и менеджмент» – 351 место.

По специальности «Современное языкознание» университет входит в топ 51-100 лучших вузов мира, «Лингвистика» – в топ 201-250, «Английский язык и литература» и «Правоведение» – в группу 251-300. Также в данный рейтинг впервые вошли специальности «Математика» (топ 351-400), «Экономика и эконометрика» (451-500), «Физика и астрономия» (551-600).

Методология рейтинга строится на основе четырех ключевых показателей: академическая репутация, репутация среди работодателей, цитируемость научных статей и индекс Хирша. Рейтинг составлен с учетом мнения более 95 тыс. преподавателей, 45 тыс. работодателей, а также данных, взятых из базы данных «Scopus».

Следует отметить, что КазНУ, трансформируясь в исследовательский университет мирового уровня, успешно продвигается в мировых рейтингах. Так, в 2019 году по результатам глобального рейтинга QS ведущий казахстанский университет занял 207 место в списке лучших вузов мира. Из стран СНГ в эту группу вошли только МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

Соб. корр.

## НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА АРНАЛҒАН UNISAT

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) бірлесе отырып, UniSat наноспутниктерін әзірлеу бойынша қыздарға арналған білім беру жобасын іске қосты.



Жобаны ресми түрде іске қосу рәсіміне ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Тілекқабыл Рамазанов, Қазақстандағы БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) өкілінің орынбасары Вероника Ващенко, ҚазҰУ Технопаркінің директоры Әмірхан Темірбаев және университет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Жобаға қатысу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері мен орта мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасынан 16 мен 35 жас аралығындағы 20 жас қыз іріктеліп алынды. Олар ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық парк базасында наноспутникті құру курстарында білім алуға бірегей мүмкіндік алады. Оқу бағдарламасы бес айға созылады және жобалау, дизайн, бағдарламалау, құрастыру, тестілеу және іске қосу сияқты кез келген ғарыш аппаратын құрудың маңызды кезеңдерін қамтиды. Оқыту аяқталған кезде қыздар наноспутниктердің үлгісін жасап, оларды атмосфераның жоғарғы қабатына қосу қажет.

Жоба өзінің гендерлік бағыттылығымен қызықты. Үйреншікті стереотипті бұзып, ол нанотехнологиялар, бағдарламалау және ғарыш аппараттарын жобалау саласы адамзаттың тамаша жартылысы нәзік жандыларға да бағынатынын дәлелдейді. ЮНИСЕФ үшін жас ұрпақты дамыту, инновациялар және гендерлік теңдікті ілгерілету өте маңызды, – деп атап өтті жобаны іске қосу салтанатында Қазақстандағы

ЮНИСЕФ өкілінің орынбасары Вероника Ващенко. «Біз негізгі жаһандық проблемаларды шешу үшін инновацияларды қолдану мүмкіндіктерін көріп отырмыз. Сондықтан қыздардың наноспутниктер жөніндегі бағдарламаға қатысуы – бұл қыздар мен әйелдерге арналған жаңа дәуірге қарай қадам және UniSAT бағдарламасының нәтижелері қоғамда ғарыштық өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп сенеміз», – деді ЮНИСЕФ өкілі.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында 2012 жылдан бастап университет ректоры Ғ. Мұтановтың басшылығымен ғылыми-технологиялық мектеп құру және кіші ғарыштық аппараттарды әзірлеу жобасы жүзеге асырылуда. «Al-Farabi» сериялы 2 наноспутник іске қосылды, «AlfaSat» наноспутниктің білім беру конструкторлары еліміздің көптеген мектептері мен жоғары оқу орындарына енгізілуде. Бүгін біз ЮНИСЕФ-пен бірлесе отырып, тек қана қыздар қатысатын UniSat наноспутниктерін әзірлеу бойынша білім беру жобасын іске қостық. ЮНИСЕФ бастамасымен жасалған бірлескен жоба біздің елімізде қыздар арасында STEM-білім беру саласын дамытудың тағы бір қадамына айналатынына сенеміз. Курстың ашылуы халықаралық 8 наурыз мерекесімен тұспа-тұс келуді де бізді қуантады», – деді ҚазҰУ Технопаркінің директоры Әмірхан Темірбаев.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Ranking	University	Country
274	Gadjah Mada University	Indonesia
274	University of Witwatersrand	South Africa
274	Ural Federal University - Urfu	Russia
277	Al-Farabi Kazakh National University	Kazakhstan
277	Universidade Nova de Lisboa	Portugal
277	University College Cork	Ireland
277	University of Florida	United States
281	McMaster University	Canada
281	University of Granada	Spain
281	University of California, Santa Cruz	United States

БОС ОРЫНДАР  
ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



2-бет

ДОБРОТА  
СПАСЕТ МИР



3-стр.

КОРОНАВИРУСТАН  
ҚОРҒАНУДЫҢ  
ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРІ БАР?



8-бет



**РЕКТОРАТ**

**НОВЫЕ ФОРМАТЫ РАБОТЫ**

**На рабочем заседании ректората обсуждались новый формат работы УМО РУМС, итоги рейтинга QS WUR by Subject 2020 и другие актуальные вопросы деятельности университета.**



«Социальные науки и менеджмент» - 355-ое место. По специальности «Современное языкознание» университет входит в топ 51-100 лучших вузов мира, «Лингвистика» - в топ 201-250, «Английский язык и литература» и «Правоведение» - в группе 251-300.

Уровень качества подготовки специалистов со знанием иностранного языка должен оцениваться по мировым критериям. Владение выпускника иностранными языками, в частности, английским, должно соответствовать уровню международных экзаменов.

С этой целью на базе КазНУ создается языковой центр «KazNU TOEFL Center». Об это рассказала заведующая кафедрой иностранных языков Айжан Мулдагалиева.

Благодарственным письмом от генерального консульства Исламской Республики Афганистан был отмечен личный вклад в воспитание афганских студентов докторанта КазНУ им.аль-Фараби Аскара Аскерова.

**Светлана УМЫРГАЛЕЕВА**

Заседание ректората открыл ректор КазНУ им.аль-Фараби Галым Мутанов, поздравив прекрасную половину университета с Международным женским днем.

Ключевой доклад «О деятельности УМО РУМС в формате проектного офиса» ученого секретаря Акмарал Сыргакбаевой вызвало большой отклик. Спикер акцентировала внимание слушателей на изменении формата работы и структуры УМО РУМС. Перед объединением стоят важные задачи, такие: обновление программ в соответствии с образовательными программами, повышение качества программ, внесение изменений в классификатор и т.п.

Подробно об итогах рейтинга QS WUR by Subject 2020 доложила директор Центра по стратегическому развитию Гульшарат Минажева. Очевидно, что наблюдается улучшение показателей и усиление позиции по ряду специальностей. По сравнению с прошлым годом университет улучшил свои показатели по специальностям «Искусство и гуманитарные науки», заняв 334-ое место,

**ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы мен «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.**

**ЖАҢА ФИЛИАЛ**

Аталған меморандум негізінде Ұлттық аударма бюросында ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының филиалын ашу туралы бірлескен бұйрыққа қол қойылды.

«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» деп аталатын маңызды бағыттары негізінде ауқымды аударма жобаларын жүзеге асырушы, аударма жұмыстарын үйлестіруші ұйым. Бюрода қазіргі таңда 300-ге жуық маман жұмыс істейді.

Кафедраның аударма бюросындағы филиалы білікті мамандарды, магистранттарды даярлау сапасын жақсарту әрі оқу процесінің практикалық бағытын күшейту, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында құрылып отыр. Студенттер кәсіби тұрғыдан шыңдалып, теорияны тәжірибемен ұштастыру үшін Ұлттық аударма бюросының білікті мамандарынан кеңес алып, аударма ісіне қатысуға мүмкіндік алады.

Бұл серіктестік мамандар біліктілігін арттыру, оқу үдерісінің практикалық бағытын күшейту, сонымен қатар, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін өндіріске енгізу жобаларына да жаңа серпін бермек.

Филиал штаты Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы мен Ұлттық аударма бюросы қызметкерлері арасынан жасақталады. Оқу жұмысы, әдістемелік әрі тәрбие жұмысы саласында бірлескен жобаларға басымдық берілмек.

**Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы**

**БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ**



**ҚазҰУ-да екі күнге созылған бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Биылғы жәрмеңкеге Республиканың әр аймағынан келген 30-дан аса жұмыс беруші кәсіпорындар мен ұйымдар, ірі компаниялар қатысты. Аталмыш шараның мақсаты – ҚазҰУ-дың бітіруші түлектерін өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыруға себепші болу.**

Жәрмеңке жұмыссыздықтың деңгейін төмендетіп, бітіруші түлектерге бір сәтте көптеген жұмыс берушілермен сөйлесіп, жаңа ірі компаниялармен танысуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта еңбек нарығында инженер-технолог, IT-маманы, мұғалім, дәрігер, биотехнолог, маркетинг және т.б. мамандықтарға сұраныс көп.

Аталмыш жәрмеңкеде Алматы қаласының тұрғындарын жұмыспен қамту орталығынан бастап көптеген халықаралық және туристік компаниялар, медициналық орталықтар мен қаржы банкері болды. Атап айтар болсақ, «Grata international», «Takeda», «Atasu group», «Халықбанк», «АТВ Банк», ТОО

«Медицинский Ассистанс», BCD «Travel International travel plus» және т.б. саланың жұмыс беруші ұйымдары бар.

Жыл сайын ҚазҰУ-да түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы қаласының жұмыспен қамту орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Бос орындар жәрмеңкесі жыл сайын өзінің тиімділігін аңғартып, болашақ түлектер үшін таптырмас мүмкіндік болып саналады.

**Әлия ТҰРМАХАНБЕТОВА**

**Shygystany fakultetinde «Shinhan Bank Qazaqstan» AQ-nyñ basqaryshy direktory N. Jaksykeldinov «Yniversitetti bitirgenge deın men qandai bolıym kerek» degen taqyrypta stıdentterge daris oqydy.**

Daris barysynda direktor «Bastamashyl bolıy ushin ne istey kerek?», «Jalqaylyqta qalajı jeńyge bolady?» degen suraqtar tonıreinde pikir almasyp, stıdentterdiń kásibi maman retinde qalyptasyna basa mán berdi. Jumys berıshiniń túlektiń kásibi quziretiligin anyqtaýǵa qatysty pikiri stıdenttermen qatar oqytıshylar ushin de qyzyqty, ári mańyzdy boldy. Jumys berıshi tarapynan stıdentterge analasyn qorshaǵan qurby-qurdastaryna erekshe nazar áydarı kerektiligi túraly keńes berildi. Onyń atıynsha dostaryńyz oqyǵa kedergi keltiretin bolsa, onai adamdarmen qarym-qatynasty shektep, múmkindiginshе bilim odan ári tereńdetıye tyrsatyn adamdarmen tildesken durys, sodan keın sizdiń de bilimińiz artp, alǵan bilimińiz jumys daǵdysyna amalady degen birqatar usynystar jasady. Sonymen qatar ol ózińizdi joǵary baǵalap, birden úlken jalaqy túraly armandaydın qajeti joq, eń aldymen, túlekterge jumysqa turı jeńe tájirbe jınay óte mańyzdy bolyp tabylatyndyǵyna mán berı qajettigin eskertti. Daris barysynda stıdentter jumysqa turı barysynda kezdesetin naqty qyndyqtardy qalajı jeńy qajettigin úrendi.

\*\*\*

**QazU-dyn shetel filologiasy jáne aýdarma isi kafedrasyn men «Ulttyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory arasynda yntymaqtastyq túraly memorandym jasaldy. Atalǵan memorandym negizinde Ulttyq aýdarma búrosynda QazU-dyn shetel filologiasy jáne aýdarma isi kafedrasynyn filialyn ashı túraly birlesken buıryqqa qol qoıyldy.**

«Ulttyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory memlekettik «Rýhami jańǵyru» baǵdarlamasynyn «Jańa gýmantarlıq bilim. Qazaq tilindegi 100 jańa oqylyq», «Jahanday zamanaıy qazaqstandyq mádeniet» dep atalatyń mańyzdy baǵyttary negizinde aýqymdy aýdarma jobalaryn júzege asyryshy, aýdarma jumystaryn úlestirıshi uym. Búroda qazirgi tańda 300-ge jýyq maman jumys isteidi.

Kafedranyn aýdarma búrosyndaǵy filialy bilikti mamandardy, magistrantardy daıarlaı sapasyn jaqsarty ári oqy prosesiniń praktikalyq baǵytyn kúshertı, birlesken ǵylymi zertteıler júrgizı maqsatynda qurylyp otyr. Stıdentter kásibi turǵydan shyńalyp, teoriyanı tájiribemen ushastyruy ushin Ulttyq aýdarma búrosynyn bilikti mamandarynan keńes alyp, aýdarma isine qatysyǵa múmkindik alady.

Bul seriktestik mamandar biliktigin arttyruy, oqy úderisiniń praktikalyq baǵytyn kúshertı, sonymen qatar, ǵylymi zertteı jumystaryn júrgizip, nátjelerini óndiriske engizı jobalaryna da jańa serpin bermek.

Filial shtaty Shetel filologiasy jáne aýdarma isi kafedrasyn men Ulttyq aýdarma búrosy qyzmetkerleri arasyndan jasaqtalady. Oqy jumysy, ádistemelik ári tárbiе jumysy salasynda birlesken jobalarga basymdyq berilmek.

\*\*\*

**Shygystany fakultetinde Pákitan Islam Respýblikasynyn memleket hatshysy doktor Nadim Shafik Malikpen kezdesı ótti.**

Kezdesyge dekannyn ǵylymi-innovasiyalyq jumys jáne halyqaralyq baılanystar jónindegi orynbasary S.Djakybaeva, kafedra meńgerıshisi P.Sýleimenov, Z.Iskakova, A.Turar jáne basqa da oqytıshylar men stıdentter qatysty.

Kezdesyde taraptar Pákitan men Qazaqstan arasyndaǵy kelisim men de eki el arasyndaǵy keleshekтеgi qyzmettestik úrdis jaıly kózqarasyn bilýge múmkindik alyp, qos memlekettiń joǵary oqy oryndary men akademialyq utqyrlıq salasyndaǵy yntymaqtastyq máselelerin talqyǵa saldy.

Fakultet dekany Yqtar Paltóre óz kezeginde Nadim Shafik Malik myrzanyn kelgenine alǵys bildirip, mundaı kezdesylerdiń oqy-mádeni tusymen qatar saıasat tusynan da mańyzdylyǵyn atap ótti. Qazaqstan men Pákitan arasyndaǵy kóp jyldarǵa sozylǵan dostyq baılanystyn ary qarajı da jalǵasa беретinine senim bildirdi. Kezdesyge qatysqan stıdentter osy syndy kezdesyler jańa tildi oqyp bilýde jiger беретinine jetkizdi. Qonaqtar ushin shygystany fakultetinde Mýhammad Alı Djinna atyndaǵy ortalyqтын ashylǵany, stıdentterdiń ýrdy tilinde óleń joldaryn oqyǵandyǵy jáne bul tildi óte jaqsy meńgergendigi tosyn syı boldy.



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАСЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Шығыстану факультетінде Пәкістан Ислам Республикасының мемлекет хатшысы, доктор Надим Шафик Маликпен кездесу өтті.



Кездесуге деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары С. Джакубаева, кафедра меңгерушісі П.Сүлейменов, З. Искакова, А. Тұрар және басқа да оқытушылар мен студенттер қатысты.

Кездесуде тараптар Пәкістан мен Қазақстан арасындағы келісім мен де екі ел арасындағы келешектегі қызметтестік үрдіс жайлы көзқарасын білуге мүмкіндік алып, қос мемлекеттің жоғары оқу орындары мен академиялық ұтқырлық саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқыға салды.

Факультет деканы Ықтияр Палтөре өз кезегінде Надим Шафик Малик мырзаның келгеніне алғыс білдіріп,

мұндай кездесулердің оқу-мәдени тұсымен қатар саясат тұсынан да маңыздылығын атап өтті. Қазақстан мен Пәкістан арасындағы көп жылдарға созылған достық байланыстың ары қарай да жалғаса беретініне сенім білдірді. Кездесуге қатысқан студенттер осы сынды кездесулер жаңа тілді оқып білуде жігер беретінін жеткізді. Қонақтар үшін шығыстану факультетінде Мухаммад Али Джинна атындағы орталықтың ашылғаны, студенттердің урду тілінде елең жолдарын оқығандығы және бұл тілді өте жақсы меңгергендігі тосын сый болды.

Шығыстану факультеті

Совсем немного времени прошло с начала запуска республиканского челленджа «QAIYRYMDY QOĞAM», а эстафета добрых дел уже уверенно шагает по стране. Радует, что проект был понят, принят и дал возможность убедиться – в нашем обществе есть место добрым поступкам, о которых мы будем рассказывать вам.



1150 жыл  
Әл-Фарабидің мерейтойы

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ  
#AlFarabiQQ

## ДОБРОТА СПАСЕТ МИР

Президент Республики Казахстан К.Токаев дал старт Году волонтерства. КазНУ им.аль-Фараби запустил беспрецедентный челлендж «QAIYRYMDY QOĞAM», вдохновившись идеями великого мыслителя Абу Насра Аль-Фараби, 1150-летний юбилей которого мы отмечаем в этом году. «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» Аль-Фараби не утратил своей актуальности, он напоминает нам о самых главных ценностях: доброте, порядочности, честности и милосердии.

В природе человека заложено стремление к благу, делаем и поступкам. Это доказал челлендж «QAIYRYMDY QOĞAM». По условиям нужно было опубликовать фотографии и видеоролики с хэштегом #ALFARABIQQ «QAIYRYMDYQOĞAM» о конкретных благих делах и добрых поступках по отношению к окружающим людям и передать эстафету.

Отслеживая ход проекта, мы наблюдали, как социальные сети наполняются историями о равнодушии к окружающим, о помощи тем, кто нуждается в ней, о милосердии и сочувствии.

Челлендж был принят всеми активными организациями КазНУ, включая студенческий профсоюз «Сұңқар», общественный фонд «Көмек», Высший студенческий совет. Эстафету поддержали многие вузы Казахстана, в частности, Казахский национальный женский педагогический университет, Актыбинский государственный университет им. А.Жубанова, Казахско-турецкий университет им. Яссауи, Алматинский технологический университет, Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова и другие.

Студенты снимают видео о добрых делах, выкладывают посты и передают эстафету хэштегом #ALFARABIQQ «QAIYRYMDYQOĞAM». На сегодняшний день в социальных сетях вышло около 300 постов в рамках челленджа, около 70 – это специально снятые видеоролики.

Все филиалы общественного фонда «Көмек» КазНУ им. аль-Фараби оказывают помощь малоимущим семьям. Студенты реальными делами, а не только сочувствием, помогли одинокой матери в г.Есик. Женщина оказалась в тяжелой ситуации, усыновив 4-х детей. Студенты помогли ей с домашними делами, закупить

и принести продукты домой.

Студенческий профсоюз «Сұңқар» организовывал благотворительных концерт «Сен жалғыз емессің». Средства, которые удалось собрать, были переданы на лечение больного ребенка. Всего в рамках челленджа было организовано 3 благотворительных концерта, включая концерт «Жарқын жұлдыз» для воспитанников детских домов города Алматы.

Благотворительную ярмарку провели студенты механико-математического факультета. Веселые спортивные состязания организовали студенты Высшей школы экономики и бизнеса в специализированном Доме ребенка «Жануя» г.Алматы, подарив детям радость побед и яркие эмоции.

В рамках проекта «QAIYRYMDY QOĞAM» студенты факультета химии и химических технологий оказали помощь малообеспеченной семье в г. Узынагаше, закупили продукты и рыбу, которую дети едят очень редко.

И это не одноразовые акции, а осознанная культура поведения. Волонтеры академического студенческого совета «Саналы ұрпақ» используют любую возможность, чтобы оказать помощь жителям Алматы: помочь донести тяжелые сумки пожилой женщине, согреть замерзающего прохожего, предложив горячий кофе, помочь найти пропавшего кота. Добрые дела не бывают маленькими. Экосубботник с участием студентов и жителей КазГУГрада, организованный Высшим студенческим студентом, помог расчистить территорию от сломанных веток и снега.

Эстафета добрых дел студентов КазНУ переросла в масштабное движение, которое поддержали не только вузы Алматы, но регионов. В проекте участвуют студенты, жители и учащиеся средних школ Уральска, Костаная, Павлодара, Шымкента.

Челлендж «QAIYRYMDY QOĞAM» подхвачен республиканскими молодежными организациями: Лигой волонтеров Казахстана и молодежным крылом партии «Jas Otan».

Мы предлагаем присоединиться к челленджу «QAIYRYMDY QOĞAM» и стать участником эстафеты добрых дел.

Светлана УМЫРГАЛЕЕВА,  
журналист

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА АПТАЛЫҒЫ

ҚазҰУ-да халықаралық балалар теледидары мен радио хабарларын тарату күніне арналған «Халықаралық журналистика апталығы» өтуде.

Бүкіл әлем 1 наурыздан бастап телеарналар балалар контенті бойынша хабар тарату торын қайта құруда және кішкентай көрермендер мен жастарға арнайы бағдарламалар арнауда. Қоғам назарын балалар мен жастардың құқықтарын қорғауға, жасөспірім аудиториясының білімі мен құзыреттілігін арттыруға арналып отыр. Осы ретте қоғамдық құндылықтар мен басымдықтарға қызмет етуді үйренуде БАҚ-тың тизізер көмегі көп.

Апталық аясында шетелдік және отандық БАҚ-тың танымал журналистері, дикторлары мен фототілшілері ҚазҰУ студенттеріне иммерсивті журналистика, БАҚ-қа арнап материал дайындаудың халықаралық стандарттары, цифрлық медиа бойынша шеберлік сыныптарын өткізіп, «Үздік халықаралық репортаж» конкурсы және «Біз әлемді осылай көреміз» студенттер көрмесі өтуде. Осы шараның өтуіне мұрындық болып жүрген ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасы көптеген халықаралық ұйымдармен, журналистерге және медиа-педагогтарға арналған тренингтік орталықтармен белсенді байланыс жасап, кәсіби білім беру сапасын жақсарту, гендерлік теңдік, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ЮНЕСКО мен БҰҰ-ның бірқатар жобаларын табысты жүзеге асыруда.

2020 жылғы 31 қаңтарда ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша Нұр-



Сұлтандағы ҚР Ұлттық комиссиясының мәжілісінде Мәдениет және спорт министрі, Ұлттық Комиссияның Төрайымы Ақтоты Райымқұлова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің ЮНЕСКО кафедрасының қызметін жоғары бағалады. Министр «ЮНЕСКО-ның коммуникация және ақпарат саласындағы жұмысында қарулы қақтығыс аймақтарында журналистерді қорғауға, «жалған жаңалықтарға» қарсы тұруға, БАҚ-ты қарқынды дамытуға, кәсіби білім сапасын арттыруға және осы саладағы этикалық мінез-құлыққа қатысты ұсыныстар әзірлеуге ерекше көңіл бөлінетінін атап өткен болатын.

Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,  
журналистика факультеті



ҚазҰУ-да «Керемет» алаңында студенттер қалашығы дирекциясының ұйымдастыруымен 14 наурызда «Көрісу» күні өтеді



# Әбу Насыр әл-Фараби – ҒАСЫРЛАР ҒҰЛАМАСЫ



Табан тіреп тұрған мына қара жер, бізден кейін де қанша ұрпаққа мұра болар, сонымен қоса бізге дейін де бұл жерлерде қаншама адамдар мекен етті. Солардың ішінде әлемді ғылымымен тамсандырған, қазақ топырағынан нәр алған қаншама ойшыл бабаларымыз болғаны хақ. Күннің де шығыстан шығып, батыстан бататыны іспетті діни ғылымхалде, дүниелік ілімдердің басым бөлігі де шығыстан шығып әлемге нұрын шашты. Мейлі ол: алгебра, химия, физика, астрономия, астрология, медицина, музыка, сәулет өнері, сөз өнері (филология), тағысын тағылар... Осынау аталған ғылымның брашасын дерлік жетік меңгерген Отырардың ұлы перзенті Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби бабамыз болатын.

Әбу Насыр бабамыздың толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Түрки. Тарқата айтар болсақ өзінің аты Әбу Насыр Мұхаммед, әкесінің есімі Мұхаммед, бабасының есімі Узлағ, Тархан арғы атасы, Фараб туған жері, ал ат-Түрки ғұламаның шығу тегі Түркі екенін білдіреді. Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын, тұлпар тұяғы илеген сайын даламызда, киелі Оңтүстік облысына қарасты Отырар өңірінде (Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасында) ескі жыл санау, яғни нижра бойынша 258 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 870 жылы әскери отбасында, Тархандар шаңырағында Әбу Насыр Мұхаммед дүниеге келді. Отырар Орта ғасырлар кезеңінде өте көркем алпауыт қалалардың бірі болған. Әлемдік деңгейде мойындалған кітап қоры, яғни кітапханасы да болған деседі. Отырардан табылған археологиялық жәдігерлер бұған дәлел. Отырар алқабынан табылған айғақ заттарға сенер болсақ, Отырарда театр өнері де болған екен. Белгілі ғалым В.В. Бартольдтың айтуынша «...Шаһарда 70 000 ер тұрады, жұма намазын оқитын мешіт, қаланың орталығы және базар орналасқан...» екен...

Ал ендеше ғұламамыздың ғұмыр-намасына тоқталалық. Фарабитануды тұтас бір ғылым ретінде зерттеу үшін, яғни әл-Фараби бабамыздың шығармашылығы мен өмір жолын ғылыми тұрғыда бір ізділікке салу үшін және де әр ғасырда ғұлама жайлы жазылған еңбектерді жүйелеу үшін біз оны бес топқа жіктеу керекпіз, олар: 1) Ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының жазбалары, 2) XIX ғғ. Мысыр, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдарының ерен еңбектері; 3) Батыс ғалымдары XV ғасырдан бастап зерттеген зерттеулер; 4) Патшалық Ресей және Кеңес заманындағы шығыстанушылардың еңбектері; 5) Түркі тілдес халықтары ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады.

Сонымен қоса қазақ фарабитануының алғашқы кезеңдері кеңестік дәуір тұсында басталды.

Орта ғасырлық ұлы философ әл-Фарабидің еңбектерін зерттеп, қазақ, орыс тағы да басқа тілдерге аударып, мол мұраларын халыққа жеткізу жұмыстарын Орта Азия ғалымдары XX ғасырдан бастағаны баршаға аян. Ал дүние жүзі ғалымдары әл-Фараби мұраларын зерттеуді сонау X ғасырдан бастап кеткен болатын. Ғылым Темірқазығының еңбектерін зерттеудің басында араб, парсы ғалымдары тұрады. Олар: Ан-Надим (X ғ.), әл-Байхақи (X ғ.), Ибн Сайд әл-Қифти (XIII ғ.), Хаджи Халифа (1657 ж. қ. б.) бұдан өзге ғылым

В.В. Бартольд, Е.Э. Бертельс, Б. Гафуров, С.Н. Григорьян, В.П. Зубов, П. Иванов, А. Сагадеев, Ю.Н. Завадовский тұрды. Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы кең тынысты, мол ырысты қазақ даласына қалай келді және кімдер әкелді?– деген сауалға тоқталсақ. Қазақ жерінде дүние есігін ашып, Дамаск қаласында көз жұмған әл-Фараби еңбектерін қазақ жұртына қайта оралтқан, 50 жылдай ғұмырын арнаған әйгілі фарабитанушы Ақжан әл-Машани ақсақал болатын... Негізінен Фараби мұраларын зерттеу XX ғасырдың 60-70 жылдардан

**Қазақ фарабитануының алғашқы кезеңдері кеңестік дәуір тұсында басталды. Орта ғасырлық ұлы философ әл-Фарабидің еңбектерін зерттеп, қазақ, орыс тағы да басқа тілдерге аударып, мол мұраларын халыққа жеткізу жұмыстарын Орта Азия ғалымдары XX ғасырдан бастағаны баршаға аян. Ал дүние жүзі ғалымдары әл-Фараби мұраларын зерттеуді сонау X ғасырдан бастап кеткен болатын.**

марғасқалары зерттеп әрүрлі тілдерге аударды. Одан соң XIX ғасырда Отырар оқымыстысының еңбектерін зерттеуде Еуропа ғалымдарының орны алабөтен. Әл-Фараби трактаттарына қызыққандардың әйгілілері, Роджер Бэкон (1214-1294), Маймонид (1135-1204), Спиноза (1632-1677), Леонардо да Винчи (1452-1519). Бұл игі істе неміс ғалымдары, И.Г.Л.Козегартен (1792-1860) мен Г.Зутер (1848-1922), Фридрих Диетереци (1821-1903), Карл Брокельмен (1863-1956), америка ғалымы Дж. Сартон (1884-1950), түрік ғалымдары А.Сайылы мен Х. Үлкендердің орны ерекше. Осылайша ғұламаның мұралары ғасырлар сайын ұрпақтан-ұрпаққа зерттеліп, зерделене жетіп отырды. XX ғасырда Фарабитанудың басында

басталып, әрі қарай өрбіді. Қазақ Фарабитануының бастау бұлағының арнасын кеңінен ашып, оны ғылымның күре тамырлары арқылы сай салаға бөліп өрбіткен Ақжан әл-Машани екені хақ. 1967 жылы ҚазКСР ҒА «Философия және құқық институтында», «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылды, бұл топтың басшысы ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ағын Хайроллаұлы Қасымжанов болатын... Ағын Қасымжановтың құрған «Философия тарихы және Қазақстандағы қоғамдық саяси ойлар» бөлімі жанынан құрылған шығармашылық топта И.О. Мұхаммед (Иран), Еуропа тілдерінің маманы О.Ошеревич,

шығыс математикасының маманы А. Көбесов, К. Тәжікова, Н.Қараев сынды зерттеушілер болды, онымен қоса Мәскеулік арабтанушылар Б. Гафуров және А. Сагадеевтармен ғылыми байланыс желісі орнатылды. Фарабитанудың өсіп-өркендеуіне атсалысқан ғалымдар арқылы қазақ жұртшылығы Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерімен, қолжазбаларымен анығырақ танысты. XX ғасырдың соңғы ширегінде Ағын Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә. Әлімжанов, Ә. Дербісәлі, Қ. Жарықбаев, Г. Шаймуханбетов, С. Сатыбековалардың қажырлы еңбектері арқасында фарабитану ғылымының тынысы кеңейді...

Баба рухына жасалынып жатқан игі істер біршама. Қазіргі егемен елімізде түрлі жолдау-бағдарламалар аясында әл-Фарабиді насихаттау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде. Қазіргі таңда қазақ фарабитанушылар қатары біртіндеп өсуде және де бірқатар фарабитанушылар әл-Фараби мұраларын ауқымды түрде зерттеуде. Осы жылы, яғни 2020 жылы Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы ғаламдық дәрежеде тойлануда. Бір сөзбен айтқанда ЮНЕСКО көлемінде әлемнің басты елдерінде ғұлама жайлы бірқатар конференциялар, ашық есік күндері, өткізіліп, түрлі орталықтар мен ескерткіштер ашылып жатыр. Ең алдымен мемлекет тарапынан қолдау тапқан бұл бастаманы біз науқаншылдыққа салмауымыз қажет. Яғни біз ғұлама еңбектерінен өзімізге ғұмырлық ғибрат алуымыз тиіс. Біз бұл мақаламызда ғасырлар ғұламасының ғұмыры мен шығармашылығы хәм оны ғасырлар бойы түрлі халықтар мен мемлекет ғалымдарының зерттеу кезеңдеріне қысқаша шолу жасадық. Онымен қоса әл-Фарабидің өмір жолын ғылым ретінде зерттеген, зерттеп жатқан қазақтың абызы Ақжан әл-Машаниден бастап қазіргі күнгі фарабитанушылардың қажырлы еңбектерін баян етуге тырыстық. Біздің кең жазиралы даламызда құм жұтқан көптеген қалалар қатары белгілі, солардың бірегейі ордалы білім ордасы Отырар екені рас. Ендеше басқа қалалардың ғалымдарын айтпағанда осы Отырардың (Фараб) өзінен нәр алған, бар ғылым салаларын еркін меңгерген 30-дан астам Фарабилер болғаны да белгілі. Ендеше қорыта айтқанда, темірқазық ғұламаларымыздың ғибратты ғұмыры мен шығармаларын зердемізге тоқу арқылы ғана әл-Фараби, Қ.А. Ясауи, Абайлар армандаған «Кемел адам» дәрежесіне сонда ғана жетерміз.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия кафедрасының  
профессоры, филос. ғ.д.,  
фарабитанушы;

**Қанат АЛТЫНБЕКОВ,**  
тарих, археология және этнология  
факультетінің 2-курс студенті,  
Үздік студенттер  
академиясының мүшесі



# КАК ОБЕСПЕЧИТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ВЫПУСКНИКОВ-МЕНЕДЖЕРОВ?

**В рамках реализации мероприятий 50-ой юбилейной международной научно-методической конференции «Современная интерпретация педагогической концепции аль-Фараби в условиях цифровизации образования» кафедрой «Менеджмент» был организован и проведен Международный круглый стол «Модель компетенций выпускника вуза в современных условиях» с участием представителей вузов-партнеров из России, Беларуси, Казахстана, работодателей и выпускников КазНУ имени аль-Фараби.**



самостоятельно для повышения своей востребованности на рынке труда. При таких условиях на качество и уровень развития профессиональных компетенций и знаний будущего выпускника влияют сразу три субъекта: вуз, сам студент и его потенциальный работодатель. При этом и вуз, и работодатель способны мотивировать студента к развитию собственных компетенций и знаний.

Особое внимание, по нашему мнению, стоит уделять формированию профессиональных компетенций выпускников-менеджеров. Деятельность этих будущих специалистов будет полностью построена на искусстве управления и коммуникации, овладеть которыми возможно только при наличии развитых

профессиональных компетенций.

На сегодняшний момент коллектив кафедры «Менеджмент» во главе с заведующей, д.э.н., профессором А.Н. Тургинбаевой ведет работу по созданию механизма взаимодействия вуза и бизнес-сообществ посредством создания филиалов кафедры в компаниях, который включает ряд следующих мероприятий:

- Анализ требований к уровню развития профессиональных компетенций, предъявляемых компаниями к своим специалистам для учета в процессе обучения студентов.

- Проведение практических учебных занятий студентов, организация стажировок ППС кафедры «Менеджмент» в государственных и бизнес-структурах

с целью повышения их квалификации в области компетентного подхода в процессе обучения студентов.

- Организация долгосрочного сотрудничества в рамках производственной и преддипломной практик студентов; написание курсовых и научных работ по направлениям, интересующим компании.

- Проведение мастер-классов с участием менеджеров компаний.

- Организация круглых столов, посвященных проблеме взаимодействия системы высшего образования и бизнеса, участниками которых станут преподаватели, студенты, представители администрации вуза, представители компаний города.

- Включение в штат кафедры «Менеджмент» представителей государственных и бизнес-структур на условиях почасовой оплаты для усиления практикоориентированности учебных занятий со студентами управленческих специальностей.

Таким образом, с помощью вышеуказанных мероприятий и действий коллектива кафедры обеспечивается профессиональная компетентность выпускников-менеджеров университета.

**Д. КУНАНБАЕВА,**  
д.э.н., профессор кафедры  
«Менеджмент»

**ҚазҰУ-да ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Бейіндік мектептің директоры Б. Кулжанова мен ұстаздар ұжымының ұйымдастыруымен әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының VII Республикалық конференциясы өтті.**

## ҒЫЛЫМИ БАЙЛАНЫСТЫҢ БАСТАУЫ



білім беру факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Жаппасов та жастардың осы әлемнің құпиясын тереңірек білсем, ғылым кеңістігінде пайдалы жаңалық ашып, туған елінің дамуына өзіндік үлесін қоссам деп келіп отырған жастардың қадамына сәттілік тілейтінін айта келіп, жас дарындарды ғылым әлеміне жетелеп, бағыт-бағдар беруші ұстаздарына алғысын білдірді.

ҚазҰУ-дың ғылым және инновациялық қызметі жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов, «Әл-Фараби» кітапханасының директоры Қалима Төлеубаевна Туенбаева, «Әл-Фараби» орталығының директоры Бекжан Мейірбаев конференция қатысушылары мен ұйымдастырушыларын ауқымды

шараның ашылуымен құттықтап, жас дарындар мен оларға бағыт беруші ғылыми жетекшілеріне сәттілік тіледі.

Шынында, бұл конференция өте ауқымды көлемде, жоғары деңгейде өтті. Шараға Алматы облысымен қатар Алматы, Ақтау, Кентау, Көкшетау, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Екібастұз қалаларынан 400-ге оқушы мен студент қатысты және әр шәкіртінің жұмысын сәтті өтуіне ғылыми жетекшілері де белсенділік танытып бірге келді.

Конференцияның ашылу салтанаты университеттің «Әл-Фараби» кітапханасының конференцзалында бастау алып, бағытына орай секциялар жұмыстарын факультеттерде жалғастырды. Конференция «География, өлкетану,

туризм» секциясы, «Тарих, археология, қоғамтану, этноәдениеттану» секциясы, «Қазақ филологиясы, қазақ тілі мен әдебиеті», «Орысжәнешетелфилологиясы», «Биология, Экология, Медицина» секциясы, «Математика, қолданбалы математика және информатика», «Химия және химиялық технология» бағыттары бойынша жұмыс істеді.

Ғылым әлеміне қадамын жаңа бастаған жас дарындардың ғылыми жұмыстарын әр секция бойынша факультеттердің ғалым ұстаздары: оқытушы-профессорлар құрамынан жасақталған арнайы комиссия мүшелері бағалады. Секцияда ғылыми жобаларын үздік қорғағандар дипломдармен марапатталды.

Конференцияның барлық қатысушыларына университеттің төл баспасынан шыққан мерейтойлық арнайы белгісі бар қойын кітапшалар, атаулы күнтізбелер, қаламдар, конференция бағдарламалары, мектептің жарнамалық буклеттері, конференция материалдарының жинағы бар папкалар мен сертификаттар табыс етілді. Білім алушыларды мектеп қабырғасынан-ақ ғылыми-зерттеу жобалау жұмыстарымен айналысуға қызықтыруға, отандық білім берудің инновациялық моделін құруға бағытталған және мектеп пен жоғары оқу орындарының арасында ғылыми байланыс орнатқан конференцияның қатысушыларға үйретері де, берері де мол тәлімді шара болды.

**Рахила НАРАЛИЕВА,**  
ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

**12 наурызда ҚазҰУ-да мемлекет және құқық институтында «Антиэйджинг» ғылыми-зерттеу орталығының үздік символикасы бойынша шығармашылық конкурстың жеңімпазын марапаттау рәсімі өтеді**



**Адам баласы осы өмірге аяқ басып, шыр етіп дүние есігін ашқанда әр түрлі кезеңдерден өтеді. Әр кезеңнің өзінің ерекшелігі мен қызығы бар екені хақ. Сол кезеңнің бірі – студенттік шақ. Ұлы өмірге аяқ басып, кәметке толып, азамат атанып, мемлекеттің кішкене бөлшегіне айналасың. Тарыдай болып кірген мектептен таудай болып университет табалдырығын аттайды.**

## КӨЗІМНІҢ ҚАРАШЫҒЫ



отандық және шетелдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әлемдік білім беру кеңістігінде орын алатын, қолданбалы және іргелі зерттеулерді дамытып, оларды өндірісте қолдануға өз үлестерін қосатын жоғары маман иелерін дайындау болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасындағы рейтинг бойынша алғаш тұрған, елімізде ең алғаш Қазақстан Республикасының Президентінің «Сапа бойынша жетістігі үшін» сыйлығының лауреаты, өнімдер мен қызметтердің сапа бойынша жетістігі үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұсынған сыйлықтың дипломанты атанған бірден-бір оқу орны. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық университеттер бірлестігінің мүшесі және Евразиялық университеттер бірлестігінің тең құрылтайшысы болып табылады,

сонымен қатар Қазақстандағы бірінші және Орталық Азия елдері Болонье қаласындағы Ұлы Хартия университеттері келісім шарт жасаған жоғары оқу орны. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біліммен, ғылыммен, рухани-тәрбиемен, инновациялық және өндірістік потенциалмен қамтамасыз ете алады.

Университеттің құрамында 16 факультет, 66 кафедра, 20 ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттары, технопарк іске қосылған; 2 мыңға жуық профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары және философия докторлары, 100-ден аса ірі академиялардың академиктері, 30-ға жуық Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, 30-дан аса Мемлекеттік лауреаттар және ҚР таңдаулы сыйлықтарының иегерлері, 40 жас ғалымдар сыйлығының иегері,

45 мемлекеттік ғылыми шәкіртақы иегерлері жұмыс жасайды. Университет қабырғасында 18 мыңға жуық студенттер мен магистранттар жоғары деңгейлі жүйе бойынша кәсіби білім алады. Университет 418 ірі халықаралық жоғары оқу орындарымен халықаралық білім бағдарламасын жүзеге асыруда, студенттер ауыстырып білім беруде және тәжірибелер өткізуде бірлесіп жұмыс жасауда.

Балапандай қанат қаққан, әрбір жас тұлғаны бауырына басып дамуына үлес қосып келе жатқан маңдай алды университет ол – ҚазҰУ. Қазіргі таңда ҚазҰУ QS халықаралық рейтингінде 800 университет арасында 207-орында тұрғанын айта кетуіміз керек. Әрбір студент еліміздің болашағы. Сапалы маман даярлауда біздің университет алдыңғы қатарларда жүр. Білімнің қайнар ошағы болып отырған қара шаңырақ заманауи білім беруден де қалыс қалып жатқан жоқ. Әлемдік озық елдерге студенттеріміз барып оқып келіп тәжірибе жинап университетте дуалды жүйе де қалыптасып теория мен практиканы қатар дамытып жатыр. Оқим деген әрбір тұлғаға жан-жақты көмек пен мүмкіндік жетерлік. Танымал профессорлар мен білімді ұстаздардан білім алған студенттеріміз жақсы жерлерде қызмет атқарып жүрген жандар аз емес. ҚазҰУ білім мен тәрбиенің ошағы, қара шаңырақтан білім алған әрбір тұлға мемлекет болашағы. Тарихы тереңде жатқан қаладағы тарихи университетім менің саған алғысым шексіз!

**Абылай БЕКҚАЖИЕВ,**

*ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты,*

**Сәуле ҮДЕРБАЕВА,**

*Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

## ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПОСОБИЙ ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ

**Кафедра международного права КазНУ им. аль-Фараби провела презентацию учебных пособий М.К. Самалдыкова на трех языках по правовым основам противодействия коррупции в Департаменте Агентства РК по противодействию коррупции г. Алматы.**



коррупционных преступлений, а также предстоящему всеобщему декларированию населения. Интерес вызвало предложение докладчика о необходимости в декларировании госслужащих исключить совершеннолетних членов их семьи, ввиду того, что конвенционное требование о предоставлении деклараций о доходах и расходах распространяется исключительно на публичных должностных лиц.

По итогам мероприятия руководитель Департамента Агентства РК по противодействию коррупции по г. Алматы К.И. Сунтаев, руководитель штаба Департамента Агентства РК по противодействию коррупции по г. Алматы Н.А. Зейналов и представители кафедры МП КазНУ им.Аль-Фараби обсудили планы дальнейшего сотрудничества в рамках государственной стратегии Республики Казахстан по противодействию коррупции.

**С. ТЛЕУБЕКОВ,**

*преподаватель кафедры международного права КазНУ, докторант*

**Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы оқушыларға арналған үшкүндік журналистика курсы өткізді. Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мектеп-интернат оқушыларына журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы ұйымдастырған курс бірнеше саланы қамтыды.**

## ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КУРС

Алғашқы дәріс PhD докторы Әйкерім Әлімжанова «Мультимедиа технологиялары» тақырыбына арнады. Еркін форматта өткен кездесу барысында оқушылар өзекті сұрақтарға жауап алып, SMM мамандырының артықшылықтары, сайт-порталдардың қоғамдық мән-маңызы туралы біршама ақпарат алды. Шеберлікке баулу дәрістерін кафедра профессоры Клара Қабылғазина «Радио-журналистика негіздері», доцент Жидегүл Әбдіжәділқызы «Тележурналистика негіздері» тақырыбын жалғастырды. Оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, пайымды жауап алды. Мұндай кездесулер білім ордасының оқушылары үшін таптырмас мүмкіндік. Өйткені, кездесу бейресі форматта, емен-жарық әңгімеге арқау болып, мамандық төңірегіндегі маңызды тақырыптар қозғалды. Курстың соңғы күндері кафедраның PhD докторы Ақынбекова Алтын «Радиожурналистің тікелей эфир жүргізудегі шеберлігі» дәрісін, «Серпер», «Шабыт» сыйлықтарының лауреаты, аға оқытушы Бауыржан Әліқожа «Сұхбат алудың әдіс-тәсілдері» тақырыптарына шеберлік



сыныбын өткізді. Аға буын мен кейінгі толқын жастардың арасындағы тығыз байланысқа құрылған кездесу көптің көңілінен шығып, ерекше әсер қалдырды. Мектептің 10, 11 сынып оқушылары сала мамандарына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойысып, тұшымды жауап алысты.

**Журналистика факультеті**



# Қазақтың алғашқы ПСИХОЛОГ МАМАНЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ психологиясының негізін салушылардың бірі академик Төлеген Тәжібаевтың туғанына 110 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті.**



Осы аралықта Т. Тәжібаев мемлекеттік мекемелер мен ЖОО іс-қағаздарын орыс тілімен қатар қазақ тілінде бірдей жүргізудің қажеттігін алға тартып, жүзеге асыра бастады. Сол жылдары қазақ балаларын ана тілінде оқытып, оларды ұлттық тұрғыдан тәрбиелеу мәселесін көтеріп, қазақ мектептерін аша бастады.

Бүгінде қоғамда «Ұлт бірлігі» деген доктрина бар. Мұны алғаш болып көтеріп, «қазақтың ұлттық намысы мен абыройы, «қазақ халқының келешегі қандай?», мінезі және оның даму жолдары жайында мәселені қозғаған тұңғыш психолог Төлеген Тәжібаев болды. Ғалым бұл тақырыпты көне тарих қойнауынан іздеп, қазақ психологиясының ғылыми негіздерін тауып дәлелдеді. Осыдан кейін «Этнопсихология» деген ғылым дүниеге келді.

Тағыда бір айта кетерлігі кезінде Төлеген Тәжібаевтың бастап кеткен психологиялық тың тақырыптарды жалғастырып, зерттеулер жүргізген Құбығұл Жарықбаев болды. Үлкен еңбектің нәтижесінде Құбығұл Бозайұлы, тұңғыш қазақ психолог ғалымы Т. Тәжібаевтың туындылары арқылы көптеген ғылыми еңбектер жазды. Соңғы жарты ғасыр ішінде Қ. Жарықбаев 60-тан астам кітап, монография, ғылыми мақала библиографиялық көрсеткіш, т.б. еңбектерді жарыққа шығарды.

Жиын барысында «Т. Тәжібаевтың дәстүрін жалғастырушы», «Т. Тәжібаевтың және Қазақстанның заманауи психологиялық ғылымы» тақырыптарына арналған баяндамалар тыңдалды.

Жиынның қорытындысы бойынша, қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаевтың еңбектерінің бүгінгі замандағы өзектілігіне назар аударылып, оны жіті зерттеу қажеттілігі аталып өтті.

**Айдаржан ИМАНҒАЗИНА,**  
оқытушы

# ӘСКЕРИ ҰЖЫМ ДЕЛИДЕ

**ҚазҰУ әскери кафедрасының оқу озаттары Жайылқанова Аружан мен Тоекин Елшат ҚазҰУ мен Үндістан Республикасының ұлттық кадет корпусы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес Үндістан Республикасы күніне арналған шараға қатысып қайтты.**

Шара Дели қаласындағы Үндістан ұлттық кадет корпусының әскери-спорттық лагері базасында өтті. Екі апталық сапар барысында қазақстандық студенттер Үндістан Президентімен, Премьер-Министр, Қорғаныс министрі, ВМФ қолбасшысы, Үндістанның ұлттық

кадет корпусының директоры және басқа да лауазымды тұлғалармен кездесті. Сонымен қатар студенттер Үнді елінің тәуелсіздік күніне арналған әскери шеруге қатысып, әскери-спорттық шарада жоғары деңгей көрсетті.



# БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН

**Жуырда философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс студенттері мен Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің тыңдалушылары арасында тәрбиелік іс-шара өткізді.**

Іс-шараның мақсаты—студенттер мен тыңдаушылар арасында достық қарым-қатынас орнату. Іс-шара барысында бірлікті қажет ететін достық қарым-қатынасқа бағыттайтын, бірлесе жұмыс жасайтын қызықты ойындар жүргізілді. Екі топ қатысушылары да белсене қатысты. Іс-шара соңында Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушылары өз пікірлерін білдірді. Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтқысы келетіндерін және қазақ тілі мен дәстүрлері ұнайтындықтарын айтты. Бірлестікте жүргізілетін іс-шаралар жиі ұйымдастырылса, студент жастардың тіл үйрену мүмкіндігі артып, мәдениет деңгейлерінің қалыптасуына септігін тигізери анық.

Әлемдік жаһандану, біріктіру және әлеуметтік-мәдениет үдерістері өз алдына қоғамға тез бейімделгіш, бәсекеге қабілетті, адамгершілік қасиеттері жоғары, шығармашылық көпмәдениетті

ортада жұмыс жасай алатын тұлға қалыптастыру міндеттерін қояуда. Көпмәдениетті орта дегеніміз— әртүрлі мәдениеттің элементтері мазмұндалған, жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, әлеуметтік, мәдени дәстүрлерді бағалауға үйрететін орта. Көпмәдениеттілік дегеніміз— әртүрлі дәстүрлерді ескере отырып, ортақ іс-әрекеттер жасау, игеру. Яғни, ұлттардың бір-бірінің тілін, дінін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеуі.

**Н. ӘЛҚОЖАЕВА,**  
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к., профессор м.а.

**Г. ТИЛЕУЖАНОВА,**  
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

**«Қазақстанның киелі жерлері» ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұра және діни сәулеттің айрықша ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар.**

# Патриоттық тәрбие

Жастарға еліміздің тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын алатын ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретіндегі жалпыұлттық және жергілікті нысандар мен кешендерді таныстырып отыру басты міндетіміз.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 3 курс «География» мамандығының студенттері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Алматының киелі жерлері: Райымбек

батыр кесенесі» тақырыбында көшпелі ашық куратор сағатын Райымбек кесенесінде өткізді.

Райымбек батыр жайлы патриоттық әңгімелер айтылып, киелі жерлердің болашақ жастарды тәрбиелеудегі рөлі ашып көрсетілді. «Киелі жерлерді дәріптеу болашақ жастарды патриоттық негізде тәрбиелеудің басты құралы» екенін ұмытпауымыз керек.

**Әлім МЫЛҚАЙДАРОВ**





■ КОРОНАВИРУС: СҰРАҚ-ЖАУАП

**Сұрақ: Коронавирус деген не?**

**Жауап:** Коронавирустар-бұл жануарлар арасында да, адамдар арасында да таралған вирустардың үлкен тобы.

2019 жылғы жаңа коронавирус (COVID-19) – бұл Қытай, Ухань қаласында алғаш рет анықталған жаңа коронавирустық пневмонияның өршуіне себеп болатын вирус.

Қытай, Ухань қаласында аурудың өршуі кезеңінде сырқаттанғандардың көбі теңіз өнімдері мен жануарлардың ірі көтерме сауда базарына байланысты болды, бұл жабайы жануарлардан алғашқы жұқтыруды болжамдайды.

**Сұрақ: Әлемде коронавирустық аурудың бұрын ұқсас жағдайлары болды ма?**

**Жауап:** Бұған дейін коронавирустар аурудың өршуін тудырды, оның ішінде олар себеп болды:

– 2002 -2003 жылдары ауыр жіті респираторлық синдром (ТОРС) немесе SARS 37 елде 8 мыңнан астам адам ауырып, оның 800-ден астамы қайтыс болған;

– Таяу шығыс респираторлық синдромы немесе MERS. 2012 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде 27 елде 2 мыңнан астам адам сырқаттанып, оның 780-і қайтыс болды.

**Сұрақ: Коронавирустың берілу жолы қандай?**

**Жауап:** Коронавирус адамнан адамға ауа-тамшы жолымен (жөтелу, түшкіру, әңгіме кезінде) берілуі мүмкін, сондай-ақ жұқтыру конатт (тұрмыстық заттар арқылы) және алиментарлық (жұқтырылған тамақ, су арқылы) жолымен болуы мүмкін. Ауа, тамақ өнімдері, тұрмыстық заттар берілу факторлары болып табылады.

**Сұрақ: Коронавирустың инфекцияның көзі кім?**

**Жауап:** Ауру адам немесе жануарлар.

**Сұрақ: Бұл инфекцияны жұқтыру қайдан болды?**

**Жауап:** Қытай ғалымдарының деректері бойынша COVID-19 табиғи резервуары жабайы жануарлар (жарғанат). Адамның жұқтырған негізгі орны Оңтүстік Қытай теңіз өнімдерінің көтерме сауда базары болып табылады және онда жарғанаттар және бауырымен жорғалаушыларды қоса алғанда, жабайы жануарлар сатып алынды.

**Сұрақ: Коронавирустың инфекцияның негізгі симптомдары?**

**Жауап:** Дененің жоғары қызуы 38 градус С және одан жоғары; жөтел; енгігу; тыныс алудың қиындауы; рентгенологиялық анықталған өкпенің зақымдануы. Симптомсыз нысанда өтетін аурулардың анықталған жағдайы.

**Сұрақ: Вирус сыртқы ортада тұрақты ма?**

**Жауап:** Коронавирус сыртқы ортаға төзімді емес, дезинфекциялық және құрамында спирті бар заттарға төзімді емес, 57 градус С және одан жоғары температурада өледі.

**Сұрақ: Инфекцияның инкубациялық кезеңі қандай?**

**Жауап:** Инкубациялық кезең (жұқтыру сәтінен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін) 2-ден 14 күнге дейін, 2-7 күннен жиірек болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАНУДЫҢ ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРІ БАР?

**1**

Қол гигиенасын ұстаныңыз. Қолды сабынмен жиі жуыңыз және қолды дезинфекциялау құралдары (тері антисептиктерін) жөтелгеннен, түшкіргеннен кейін қолданыңыз. Тамақ әзірлеудің алдында, сондай-ақ науқастардың жеке заттарын қолданған жағдайда.



**2**

Көз, мұрын, бетіңізге қолыңызды барынша тигізбеуге тырысыңыз



**3**

Адамдар көп жиналатын жерлерде бетперде киіңіз



**4**

Ауырып жүрген адамдардан және олардың заттарына жанасудан аулақ болыңыз, байланысқа түскен жағдайда бетпердемен қорғаныңыз



**5**

Жөтелу немесе түшкіру кезінде ауыз бен мұрынды жабу үшін майлықтарды пайдаланыңыз, содан кейін оларды қоқысқа тастаңыз және қолды мұқият жуыңыз.



**6**

Жалпы жақсы гигиеналық әдеттерді ұстаныңыз



**7**

Көкөністер мен жеміс – жидектерді қолданар алдында мұқият жуыңыз



**8**

Иммундық жүйені жақсы қалыпта ұстау үшін дұрыс тамақтаныңыз, дене шынығумен айналысыңыз, және толыққанды сегіз сағат ұйықтаңыз.



[www.hls.kz](http://www.hls.kz)

**Сұрақ: Бұл инфекцияны емдеу бар ма?**  
**Жауап:** Қазіргі уақытта арнайы емдеу жоқ. Патогенетикалық және симптоматикалық ем жүргізіледі.  
**Сұрақ: Осы инфекцияға қарсы вакцина бар ма?**  
**Жауап:** Осы инфекцияға қарсы вакцина осы уақытқа дейін әзірленбеген.  
**Сұрақ: Коронавирусты қалай қорғауға болады?**  
 Профилактикалық шаралары:  
**Жауап:** Бүгінгі күні Қазақстанда жаңа коронавирустық пневмониямен адамдардың сырқаттанушылығы тіркелген жоқ. Қытайға барудан бас тарту қажет;  
 Қытайға барған жағдайда:

– маскалар, мүмкіндігінше қорғау дәрежесі жоғары маскалар-респираторлар киіп жүру;  
 – базарларды қоса алғанда, адам көп қоғамдық орындарға барудан бас тарту;  
 – жүру үшін қоғамдық көлікті (метро, автобус, трамвайлар) қолданбау;  
 – респираторлық аурулардың симптомдары бар адамдармен қарым-қатынаста болмау;  
 – кез келген қоғамдық орындарға барғаннан кейін және тамақ алдында қолды сабынмен мұқият жуу немесе құрамында спирт бар салфеткалармен сүрту;  
 – көзді, мұрынды, бетті ұстаудан барынша аулақ болу;

– жабайы және үй жануарларымен қарым-қатынаста болмау;  
 – жоғары температуралы (ет, балық, құс, жұмыртқа) өңдеуден өткен өнімдерді және кепілді сападағы суды (қайнатылған немесе бөтелкеленген) ғана тамаққа қолдануға болады. Көкөністер мен жемістерді қайнаған сумен және мұқият жуғаннан кейін жеуге болады;  
 – жөтелу немесе түшкіру кезінде ауыз бен мұрынды жабу үшін майлықтарды пайдалану керек.

**Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы**  
*(Жалғасы келесі нөмірде)*